



8 қараша, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БІРҚАТАР ЗАҢҒА ЖАРИЯ ТҮРДЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биыл маусым айында өткен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумнан кейін қабылданған бірқатар маңызды заңға жария түрде қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев референдум нәтижесінде билік тармақтары арасындағы байланыстың жаңа үлгісін қалыптастыруға, мемлекет басқару ісіне азаматтардың қатысуына жол ашуға мүмкіндік туғанын және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайғанын айтты.

Конституциялық реформа Қазақстан тарихында жана дәуір басталғанын айқындады. Сондай-ақ соңғы үш жылдағы саяси өзгерістерді орнықтырып, мемлекетімізді одан әрі нығайту үшін мықты негіз қалады. Бұдан былай әділеттілік, ашықтық және жанашырлық қағидаттары қатаң сақталады. Біз референдум арқылы бұрын-соңды болмаған сыртқы және ішкі сын-қатерлерге төтеп бере алатынымызды дәлелдедік. Конституциялық реформаны нақты жүзеге асыра бастадық, – деді Мемлекет басшысы.

Зандағы өзгерістерге сәйкес, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Конституциялық сот өз қызметін бастайды. Енді әрбір азамат өзінің конституциялық құқығы мен бостандықтарын тікелей осы органда қорғай алады.

Сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі, құзыреті мен дербестік кепілдігі Конституциялық заң деңгейінде алғаш рет бекітіліп отыр.

Бас прокуратураның да құқық қорғау функциясы күшейтілді. Бұл саланы одан әрі кешенді дамыту мемлекет үшін әрқашан басым бағыт болады.

Президенттің айтуынша, еліміздің басты байлығы – бұл біздің халқымыз және оның жайлы тұрмысы. Осы орайда жақында Ата заңымызға енгізілген жаңа ережелердің айрықша мәні бар.

– Біз Конституциямызда жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екенін нақты көрсеттік. Осы норманың арқасында «Ұлттық қор – балаларға» атты ауқымды бағдарламаны қолға алдық. Ұлттың ұлылығы әрбір отбасының, әрбір азаматтың әл-ауқатынан көрінеді. Сондықтан ел экономикасы, ең алдымен, халықтың мүддесі мен игілігі үшін жұмыс істеуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет



ТОҚАЕВТЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ – 22 МЫҢ ШАҚЫРЫМ АВТОЖОЛДЫ ЖӨНДЕЙМІЗ ЖӘНЕ САЛАМЫЗ

Президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республикалық қоғамдық штабының сайлаушылармен кездесуі Қызылорда облысында жалғасты.

Мәселен, кәсіпкерлермен және аграрлық сектордың өкілдерімен болған кездесуде РҚШ мүшелері өңірлердегі көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелерін талқылады.

«Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» деп аталатын сайлауалды бағдарламаға сәйкес, алдағы 7 жылда республикалық маңызы бар 8 мың шақырым және облыстық, аудандық маңызы бар 14 мың шақырым автожолдың сапалы салынуы мен жөнделуін қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, барлық республикалық және негізгі облыстық автожолдар сапалы ұялы және интернет-байланыспен қамтылады», – деді Республикалық қоғамдық штабтың басшысы Ерлан Қошанов.

Бағдарламада әлеуметтік инфрақұрылымға ерекше көңіл бөлінді. Оқуға қолайлы жағдайы бар 1,5 млн оқушы орны енгізіледі. Жыл сайын шағын қала, аудан орталығы мен ауылдағы кемінде мыңнан астам мектеп заман талабына сай жаңартылады.

Сонымен қатар, ауылдық жерде жаңа жабдықпен



жаракталған, білікті медицина қызметкерінен жасақталған 700 жаңа медициналық нысан ашылады.

Осы күні Қызылордадағы жылу электрорталығының ұжымымен кездесу өтті. Кездесу барысында РҚШ мүшелері кандидат ұсынған коммуналдық шаруашылық саласындағы реформалар туралы айтты.

Ыстық сумен жабдықтау және сутарту желілерінің тозу көрсеткіші кезен-кезеңімен 40%-ға дейін төмендейді. Барлық өңірде тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым жаңғыртылады. Сондай-ақ, кандидаттың сайлауалды бағдарламасында «инвестиция үшін тариф» қағидаты бойынша ТКШ саласына жаңа инвестиция тарту көзделуде.

РҚШ мүшелері айтыс-керлермен әңгімелесіп, мәдениет пен өнер саласындағы мәселелерді талқы-

лады. Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған әділдік, тұрақтылық құндылықтары барша қазақстандықтарды біріктіреді, дейді айтыс ақындары.

Өңгімелесу барысында олар мәдениет пен өнерді дамытуға, сондай-ақ Қазақстанды халықаралық аренада бейбіт, ізгі әрі толерантты мемлекет ретінде ілгерілетуге бағытталған сайлауалды бастамаларды қолдайтындарын атап өтті.

Қызылорда облысындағы барлық кездесуде сайлаушылар 20 қарашада өтетін президент сайлауында Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасына дауыс беруге дайын екендерін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының толық мәтінін toqayev2022.kz сайтынан танысуға болады.

Өзірленді: Республикалық қоғамдық штаб
Таспырыс беруші: М.Ж.Оспанов
Қазақстан Республикасы Президентіне кандидат Қ.К.Тоқаевтың сайлау қорының қаражатынан төленді

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ОЗЫҚ САЛАЛАР

Әрбір мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз етуші негізгі салалар болады. Дәл осы салалар елдің динамикалық дамуын қамтамасыз етіп, қаржы нарығын реттеуге үлес қосып, жаңа жұмыс орындарын құрады. Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, Қазақстан экономикасының драйвері болып табылатын салаларға IT-технология, газ тасымалдау, тау-кен өндірісі, транспорт қызметі мен логистика және құрылыс жүйесі кіреді.



3-бет

Құрметті оқырман!

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: **жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.**

БАСПАСӨЗ – 2023



МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЕКІНШІ ОТАНЫНА САПАР

Мақаламызды бұлай атауымыздың өзіндік себептері болып тұр. Екінші дүниежүзілік соғыс бұрқ еткенде, Парижде бүкіл ресейлік эмигранттар бас сауғалап, АҚШ пен Түркияға кетіп жатқанда Мұстафа Шоқай «паналауға орын берген мемлекетті тастап кету, өз Отанымызды тастап кеткенмен бірдей» деп Парижде қалып еді. Ұлы тұлғаның әлемге танылуы да осы Францияда тұруымен тікелей байланысты болды. Марндағы Ножан қаласында тұрған үйінің маңайына орнатылған ескерткіш тақта мен мүсін де оған көрсетілген Еуропа-Азиядағы алғашқы құрмет болатын.

Өткен қазан айының 15-25 күндері арнайы жобаға сәйкес Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының қызметкерлері Францияда болдық. Ондағы негізгі мақсат – қазіргі Тілдер мен өркениеттер университетінің кітапханасында сақтаулы Мұстафа Шоқай мұраларымен танысып, қажетті материалдарды ғылыми орталыққа алу еді. Сондай-ақ Мұстафа және Мария Шоқайға қатысты мекен-жайларда болу да ойда болды.



Парижде қазанның 15 күні жеттік те, ертеңіне демалыс күнді пайдаланып, «Әлем» қазақ-француз қоғамының вице президенті Майра Сұңғатқызы Ысқақовамен және осындағы 2007 жылдан

Мұстафа Шоқай атындағы қазақ-француз қауымдастығының төрағасы Янар Дінші, т.б. кісілермен Мұстафа мен Мария Шоқайлар Франциядағы 20 жылдан астам уақытының 18 жылын өткізген Париждегі Марндағы Ножан қаласына бардық.

4-бет



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БІРҚАТАР ЗАҢҒА ЖАРИЯ ТҮРДЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Президент әділдік идеясы Қазақстанның мемлекеттік саясатының өзге болуға тиіс екенін атап өтті.

— Әлеуметтік әділдіктің негізі — уақыт талабына сай келетін заңдар, сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күрес, азаматтардың еңбеккерлігі және жастардың озық білімге ұмтылысы. Мемлекет осы тұжырымды жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасауға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Парламент қабылдаған заңдарда Қазақстанның аралас сайлау жүйесін өту тәртібі айқындалғанын атап өтті. Енді Мәжіліс пен облыстық мәслихат депутаттарының бір бөлігі, аудандық мәслихат депутаттарының барлығы бір мандатты округ бойынша сайланады. Соның нәтижесінде өкілді органдар шынайы халық билігі тармағына айналады.

Заңнамалық өзгерістерге сәйкес, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері де сайланады. Бұл — ауыл әкімдерін сайлаудың логикалық жалғасы әрі мемлекеттік басқару

1-бет

жүйесін демократияландыруға ұмтылысымыздың нақты айғағы.

Президенттің пікірінше, Конституциялық реформа еліміздің мемлекеттік құрылымының тұғырын нығайтады. Сондай-ақ азаматтық қоғамның дамуына жол ашады, жалпыұлттық диалогты орнықтырады. Түптеп келгенде, бұл қадамдар халықтың әл-ауқатын арттыруға және еліміздің болашағын баянды етуге ықпал етеді.

Заңға қол қою рәсіміне кіріспес бұрын Президент осындай аса маңызды заңдарды шұғыл әрі сапалы қабылдаған депутаттарға, жемісті жұмыс атқарған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелеріне, сондай-ақ заңнамалық актілерді әзірлеуге жан-жақты атсалысқан барлық азаматқа ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев конституциялық реформа нәтижесінде әзірленіп, қабылданған алты заңға жария түрде қол қойды.

Олар:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасының

Конституциялық заңы;

2. «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;

3. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;

4. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

6. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақта 10 ай ішіндегі бюджеттің игерілу барысы мен еңбек көрсеткіштерін саралап, ел Президенті, Үкіметі, облыс әкімінің тапсырмаларын орындау бойынша бағдарлы жиын өткізді. Облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай өз баяндамасында жылдың 10 айында облыс бюджетінің игерілуі 99%-ды құрағанын мәлімдеді.



Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ, облыс әкімі:

«УӘДЕ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ»



Бюджет қаражатын игеру бағытында Қызылорда облысы республикада екінші орында. Дегенмен, бөлінген қаржыны уақытылы игеруде бірқатар ауданда жұмыс баяу жүрде. Мәселен, Арал, Қармақшы, Жалағаш және Жаңақорған аудандары тиісті көрсеткішке толыққанды қол жеткізе алмауда. Ал басқармалар бойынша білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары тарапынан қаражат толық игерілмеген.

Аймақ басшысы мемлекеттің қаржысы өз мерзімінде әрі сапалы игерілуі керек екенін баса айтып, жұмысты уақытылы үйлестіре алмаған Қармақшы ауданы әкімі Әділбек Ерсултанов пен оның орынбасарына сөгіс жариялады. Өзге де аудан әкімдері мен бірқатар басқарма басшыларына ауытша ескерту берді. Бұл ретте қаржы саласына жауапты облыс әкімінің орынбасары Нұрмбет Сақтағановқа ескерту жасап, бюджет қаржысын мақсатты түрде игеру жұмыстарын бақылауға алуды, бірінші басшылардың жауапкершіліктерін қатаң қарауды тапсырды.

Тағы бір мәселе — 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарын орындау. Стратегиялық көрсеткіштер картасында өңірге бекітілген 122 нысаналы индикатордың ішінде көрсеткіштердің орындалмай қалу қаупі бар 3 басқармаға тиісті ескерту жасалды.

Тарқатып айтқанда, ауыл шаруашылығы басқармасы шаруаларға қажетті техникаларды сатып алу жұмыстарын, денсаулық сақтау басқармасы ана мен бала өлімінің алдын алу, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы өңірде орта кәсіпкерліктің үлесін көбейту жұмыстарын сапалы аяқтауы тиіс.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовқа индикаторлардың уақытылы орындалуын қатаң бақылауды тапсырды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған басқарма басшыларына

жұмысты әлі де ширату қажет екенін тағы бір еске салды.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов облыс әкімінің хаттамалық тапсырмаларының орындалу барысы бойынша баяндама жасап, талдаулар ұсынды.

Мәселен, Қызылорда қаласын көркейту-көгалдандыру бағытында қызылорда облысының арнайы техникалар алу жұмыстары әлі де кешігуде. Сол жағалау аймағының көшелерін жарықтандыру бағаналарының қолды болғаны аймақ басшысының сынына ілікті. Көпқабатты тұрғын үйлердің жобалық құжаттамасын жасау жұмыстары көшелерін жарықтандыру бағаналарының қолды болғаны аймақ басшысының сынына ілікті. Көпқабатты тұрғын үйлердің жобалық құжаттамасын жасау жұмыстары көшелерін жарықтандыру бағаналарының қолды болғаны аймақ басшысының сынына ілікті.

Облыс әкімі қала аумағында қатынайтын қоғамдық көліктерді сатып алу процестерінің баяу жүруін сынга алды. Осы кезге дейін алынуды тиіс 150 қоғамдық көліктің тек 60-ы ғана әкелінген. Бұған дейін де тапсырма ретінде берілген автовокзал салу жұмыстарына инвестор табу мәселесі де шешімін таппай тұр. Облыс әкімі өзекті мәселелерді өз уақытында орындай алмағаны үшін орынбасары Мархабат Жайымбетовке қатаң ескертіп, қала әкімі Асылбек Шәменовке, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев пен энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетовке сөгіс жариялады.

— Мархабат Жайымбетов, Сіз қаланың кураторы ретінде тапсырылған жұмыстың сапалы аяқталуына тікелей жауаптысыз!

Аймақ басшысы болып келген сәттен бастап қоғамдық көлік жеткіліктілігін алға тартып, қажетті қаражат та бөлдім. Содан бері 7 ай болды ғой, жұмысты үйлестіре алмай келесіздер. Халыққа уәде етілген мәселе уақытылы орындалуы керек. Сылбыр қимылдайсыздар. Қаржысы шешілген бойда нақты әрекет-амалдарын қарастыру — Сіздердің

міндеттеріңіз. Өкінішке қарай, жұмыс көңіл көншітпейді. 20 қарашаға дейін кемшіліктеріңізді түзеп, нақты жұмыс істемейсіздер, — деді Н.Нәлібаев орынбасары М.Жайымбетов пен қала әкімі А.Шәменовке.

Отырыста Байқоңыр қаласының мәселесі де шет қалмады. Мұнда 50 пәтерлі 5 тұрғын үй құрылысының жұмысы баяу жүргізілуде. Облыс әкімі тұрғын үйлерді салу іркілсіз жүруі қажет екенін қаперге салып, өз орынбасары Қайрат Нұртай мен аудан әкімі Әділбек Ерсултановқа жұмыстың сапалы әрі уақытылы орындалуына баса мән беру керектігін тапсырды.

Нұрлыбек Нәлібаев ауылдық жердегі әкімдер, учаскелік инспекторлар мен мектеп директорларының сол аумақта тұруы міндетті екенін осы кезге дейін де айтқан. Облыс әкімі бұл талап халықтың өтініші негізінде ескерілгенін жеткізді. Дегенмен, аудан әкімдері тарапынан және тиісті мекеме, орган басшыларынан бұл тапсырма әлі күнге дейін толық орындалмауда. Мәселен, Сырдария, Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы ауыл әкімдері өзі қызмет атқаратын аймағында тіркеліп қойғанымен, шын мәнінде, аудан орталығынан немесе келесі ауылдық округтен қатынап, жұмыс істейтіндігі анықталды.

— Президент тапсырмасы аясында ауыл-ауылдарды аралап, халықпен кездескен сайын үнемі тұрғындар ауыл әкімі мен учаскелік инспекторлардың жұмысына жиі шағым айтады. Оқыс оқиғалар орын алған сәтте, инспекторды да, ауыл әкімін де таппаймыз дейді. Мұның бәрі жұмысты қатынап істеудің салдарынан туындайды. Халықтың шынайы талап-тілегін ескергеннен кейін мұндай тапсырма берілді. Бірақ, нәтиже жоқ. 20 қарашаға дейін тапсырма орындалмаса, аудан әкімдерінің жұмысы қатаң қаралып, тиісті шешімдер қабылданады. Біз халықтың өтінішін орындауға тиістіміз! Тұрғындар өз мәселесіне лайықты деңгейде жауап ала алмағандықтан, амалсыз әлеуметтік желіде мәселе көтереді. Реті келсе, заң аясында шешімін табуға ықпал жасап, халықпен сындарлы диалог орнатылуы керек.

Сіздерге қызмет сеніп тапсырылды, халық үшін атқаруға тиіс жұмыстарыңыз мұлткіз орындалуы қажет.

Шахмардан Асқарұлы, берілген тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуына бақылау жасау — аппараттың тікелей міндеті. Жұмысты күшейтіңіздер!, — деді аймақ басшысы.

Жиында қаралған әрбір мәселе облыс әкімінің тікелей бақылауында болды. Алдағы кезде өзекті мәселелер жеке-жеке қаралады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыс беру, егер дауыс берудің өзге уақыты белгіленбесе, жергілікті уақыт бойынша 07-00 ден 20-00 сағатқа дейін өткізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 1-тармағына сәйкес Қызылорда қаласының аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен дауыс беруді бастау жергілікті сағат 6-00-ге белгіленген сайлау учаскелерінің тізбесі:

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері
1	244	Қызылорда қаласы, Құмкөл кен орны, Қоныс-Бектас, «ҚуатАмлонМұнай» бірлескен кәсіпорны» ЖШС ауысымдық қыстағы
2	245	Қызылорда қаласы, «СНПС-Ай Дан Мұнай» АҚ Құмкөл кен орнындағы ауысымдық қыстағы
3	246	Қызылорда қаласы, «Қазгермұнай» біріккен кәсіпорны» ЖШС Құмкөл кен орнындағы ауысымдық қыстағы
4	247	Қызылорда қаласы, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Құмкөл кен орнындағы ауысымдық қыстағы
5	248	Қызылорда қаласы, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Құмкөл кен орнындағы «Арысқұм» ауысымдық қыстағы
6	266	Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Р.Батырбаев көшесі, № 2, «ҚР Ұлттық Ұланының № 5547 әскери бөлімі» РММ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 3-тармағына сәйкес аумақтық сайлау комиссияларының шешімдерімен егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс берсе, дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін деп бекітілген сайлау учаскелерінің тізбесі:

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері
1	377	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Нефтебаза көшесі №1 «А», «ҚР ІІМ Қызылорда облысының полиция департаменті Жалағаш ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты
2	378	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Нығмет Мырзалиев көшесі №73, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы КМК ғимараты
3	187	Қызылорда қаласы, Қаратоғай көшесі, №100, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК
4	192	Қызылорда қаласы, Әбуов көшесі, №31, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК
5	197	Қызылорда қаласы, Бегім Ана көшесі, №15, «Қызылорда Теміржол ауруханасы» ЖШС
6	210	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, №51, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК
7	214	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, нөмірсіз, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда қалалық перзентханасы» МКҚК
8	216	Қызылорда қаласы, Ф.Мұратбаев көшесі, №60 құрылыс, Қызылорда облысының жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ
9	220	Қызылорда қаласы, «Шұғыла» мөлтек ауданы, нөмірсіз, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» ШЖҚ КМК
10	230	Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округі, Талдыарал елді мекені, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ республикалық лепрозорий» ММ
11	235	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, нөмірсіз, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «ЗК-169/1 мекемесі» РММ
12	238	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Есенов көшесі №19, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда қалалық туберкулезге қарсы диспансері» КММ
13	241	Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №14, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті
14	242	Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі, №7, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық наркологиялық орталығы» КМКҚ
15	244	Қызылорда қаласы, Құмкөл кен орны, Қоныс-Бектас, «ҚуатАмлонМұнай» бірлескен кәсіпорны» ЖШС ауысымдық қыстағы
16	245	Қызылорда қаласы, «СНПС-Ай Дан Мұнай» АҚ Құмкөл кен орнындағы ауысымдық қыстағы
17	246	Қызылорда қаласы, «Қазгермұнай» біріккен кәсіпорны» ЖШС Құмкөл кен орнындағы ауысымдық қыстағы
18	247	Қызылорда қаласы, «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Құмкөл кен орнындағы ауысымдық қыстағы
19	248	Қызылорда қаласы, «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Құмкөл кен орнындағы «Арысқұм» ауысымдық қыстағы
20	266	Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Р.Батырбаев көшесі, № 2, «ҚР Ұлттық Ұланының № 5547 әскери бөлімі» РММ
21	344	Қызылорда қаласы, Талсуат ауылдық округі, Орынбор көшесі, №3, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Мүгедектерге арналған оңалту орталығы» КММ
22	345	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, нөмірсіз «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК
23	351	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, №5Г, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК
24	291	Шиелі ауданы, Шиелі кенті, «Ақ Орда» мөлтек ауданы, 3 кв, №25, аудандық аурухана
25	338	Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Б.Майлин көшесі №61, Жаңақорған аудандаралық ауруханасы
26	342	Жаңақорған ауданы, Байкөне ауылы, Хорасан-1 кеніші, «Құткент» вахталық қонысы
27	343	Жаңақорған ауданы, Кейден ауылы, «СКЗ-У» ЖШС АБК ғимараты
28	368	Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, М.Шокай №32 «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ АБК ғимараты

ТАҒАЙЫНДАУ

Қамбарбек Мұбаракөв –
ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық тағайындауларға байланысты жиын өтті.



Басқосуда аймақ басшысы бірыңғай конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес, облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Қамбарбек Мұбаракөвтің қызметіне сәттілік тілеп, зор жауапкершілік жүктелгенін жеткізді.

– Қамбарбек Амангелдіұлы жоғары басқару сатыларынан өткен, тәжірибелі маман, жауапты салаларда басшылық қызмет атқарған, әлеуеті жоғары кадр.

Соңғы жылдары өңірмізде мұнай-газ өндіру қарқыны төмендеп, шикізат көзі азайып келеді. Мұнай-газ секторындағы тәуелділіктен арылып, басқа да шикізат көздеріне бағытталған экономиканы әртараптандыру қажет.

Бірінші кезекте, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, сол арқылы жана жұмыс орындарын

ашу және инвестиция тарту міндеті тұр.

Сол себепті, Қамбарбек Амангелдіұлы алған білімі мен жинаған мол тәжірибесін күрделі де жауапты қызметті атқарып, кәсіпкерлікті дамыту мен өнеркәсіпті өркендетуге жұмыс сайындығына сенімдіміз, – деді Н.Нәлібаев.

Қамбарбек Мұбаракөв 1973 жылы дүниеге келген. Қызылорда техникалық институтын экономист-менеджер, Қызылорда гуманитарлық институтын заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Өзгерт совхозының орталық қырманның слесарі болып бастаған. Әр қызметті асқан жауапкершілікпен орындап, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқара білді.

Әр жылдары облыс бойынша салық комитетінің маманы, аға салық инспекторы, сондай-ақ, Шиелі және Жаңақорған аудандарының салық басқармасының басшысы қызметін атқарды.

2004-2008 жылдары Қызылорда облысы бойынша салық комитетінің төраға орынбасары болды.

2011-2018 жылдары Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы қызметін атқарды.

2019-2021 жылдары Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Шиелі ауданының әкімі, 2021 жылдан осы кезге дейін «Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы қызметін атқарып келді.

Дәурен Шәріпбаев –
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
ҮӘКІЛДІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨКІЛІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі үәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкілі таныстырылды.



қауіпсіздігі, бостандығы мен ар-ожданмен сақтау және дамытуға қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды өз деңгейінде үйлестіреді деген сеніміміз мол, – деді Н.Нәлібаев.

Дәурен Шәріпбаев 1977 жылы Семей облысында (қазіргі Абай облысы) дүниеге келген.

Жоғары білімді. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін

«Заңгер» және Азаматтық авиация академиясын «Тасымалдау, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Семей облысы Шар ауданындағы Калинин атындағы мектебіннің тарих пәні мұғалімі болып бастаған.

1996-1999 жылдары Семей облысы Шар аудандық сотының хатшысы, сот орындаушысы, 2001-2004 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы прокурорының аға көмекшісі, 2005-2010 жылдары Павлодар облысы Баянауыл аудандық сотының төрағасы, адвокаттар алқасының мүшесі қызметтерін атқарған. 2010-2020 жылдары кәсіпкерлік, өндіріс кәсіпорындарында басшылық қызметтерде еңбек етті.

2020-2022 жылдары «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының заң мәселелері жөніндегі консультанты және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің «KazAID» (KazAID) қазақстандық даму агенттігі акционерлік қоғамының бас заңгері лауазымдарын атқарған.

Ғалымжан Кенжебаев –
«ҚАЗПОШТА» АҚ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Кеше сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық тағайындаулар бойынша өткен жиында «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қызылорда облыстық филиалының директоры таныстырылды.



Аймақ басшысы жаңадан тағайындалған сала басшысының қызметіне сәттілік тіледі.

– «Қазпошта» акционерлік қоғамы төрағасының бұйрығымен Қызылорда облыстық филиалының директоры болып Ғалымжан Кенжебаев тағайындалды.

Ғалымжан Арыстанбекұлы алған білімі мен жинаған тәжірибесін мемлекет мүддесіне арнай отырып, облыстағы халыққа қызмет көрсету сапасын одан әрі арттырып, тиімді қызмет атқарады деп

сенеміз, – деді Н.Нәлібаев.

Ғалымжан Кенжебаев 1982 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Қызылорда мемлекеттік университетін «Есеп және аудит», Қызылорда гуманитарлық университетін «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2003 жылы Жаңақорған аудандық білім бөлімінің есепшісі болып бастаған.

2004-2017 жылдары «Қазпошта» акционерлік қоғамы облыстық филиалының есепшісі, бөлім және басқарма бастығы қызметтерін атқарған.

2017-2022 жылдары облыстық филиал директорының орынбасары, Сырдария аудандық бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов Арал ауданында болып, бірқатар құрылыс нысандарының жұмысымен танысты.

Сапа қатаң сұралады

Алдымен, Арал қаласындағы №6 шағын ауданда инженерлік инфрақұрылым жүргізу жұмыстарының барысын көрді. Мұндағы электр желісінің құрылысын «КРЭК» АҚ, су құбыры желісін «Жанарту» ЖШС жүргізуде. Екі жоба да республикалық бюджеттен қаржыландырылды. Қазіргі таңда шағын ауданның құрылыс-монтаждау жұмыстары өз деңгейінде атқарылууда.

Мұнан соң, облыс әкімінің орынбасары Сексеуіл кентіне барып, газ жеткізу құбырының және кварталішілік газ тарату желілерінің құрылысын көрді. Кент аумағында газ құбырын салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. 40000 метрді құрайтын кентішілік газ желісін тартуға 5 трактор және 18 қызметкер жұмылдырылған. Бас мердігер – «AKBARS STROY LTD» ЖШС.

Жішіскекүм ауылдық округіне қарасты Тоқабай елді мекенінде апатты деп танылған №248 орта мектеп жеке кәсіпкердің демеушілігі

есебінен қайта салынууда. Мархабат Жайымбетұлы ондағы жұмыс барысын да арнайы назарға алды. Мұнан кейін облыс әкімінің орынбасары Жақсыкылыш кентіндегі денешынықтыру және сауықтыру кешенінде болды. Қазіргі кезде тоқтап қалған құрылыс нысанының жұмыстары қайта жанданып, тиісті деңгейде жүргізілуде.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында салынып жатқан Қамыстыбас елді мекеніндегі денешынықтыру және сауықтыру кешені де назардан тыс қалған жоқ. Бұл ретте салалық басқарма мен мердігер мекеме басшыларына нысанды талапқа сай сапалы етіп жұмыс арада аяқтау тапсырылды.

Сапар барысында барлық нысандар бойынша тапсырыс беруші облыстық басқарма басшыларына, аудан әкіміне, мердігер мекемелер жетекшілеріне құрылыстарды уақытында бітіріп, сапасына үлкен жауапкершілікпен қарау жүктелді.

БӘРЕКЕЛДІ!

Т.Жүргенов – 125:
Түркі елдерінде тойланады

Алдағы 2023 жылы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ руханиятының дамуына зор үлес қосқан ұлтжанды тұлға, Сыр елінің тумасы Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы бауырлас түркі елдерінде кең көлемде тойланады. Осы орайда Қазақстанның халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымындағы өкілі, жерлесіміз Бақытжан Омармен хабарласқан едік.

Сондай-ақ, Т.Жүргенов туралы деректі фильм түсіріледі. Оны дайындап, Түркияның мемлекеттік телерадиокорпорациясына қарасты «Tti-Avaz» телеарнасында көрсету жоспарда бар. Себебі, бұл телеарна бүкіл түркі әлемінің кабельдік желісінде көрсетіледі. Оны қазақ тілінен бөлек түркі тіліне аударуды да жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, келесі жылы кино және театр актрисасы, Қазақ КСР-нің Халық артисі Бикен Римова мен қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтің 100 жылдық мерейтойлары түркі әлемінде тойланады» – дейді ол.

«СБ» ақпарат

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ
ОЗЫҚ САЛАЛАР

Цифрландыру ғасыры

Елімізде динамикалық даму бойынша телекоммуникация және IT технология саласы лидер болып табылады. Бұған толықтай негіз бар, өйткені бұл сала қазір жалпы дүние жүзі бойынша трендке айналған. Біз қазір цифрлық технология мен ақпаратты жеткізу тәсілдері тіршілігіміздің барлық тұстарында қажеттілікке ие болып отырған XXI ғасырда өмір сүрудеміз. Соңғы бірнеше жылда отандық IT индустрияның өсімі жыл сайын 20% құрап отыр.

Айта кету керек, бұл сала мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болып келеді. Арнайы бағдарламалар жұмыс істейді. 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының мақсаты – орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау. Бағдарламаны жүзеге асыруға 108,6 млрд теңге қаралған.

Қазақстан қазір аймақ елдері арасында тұрғындарды жоғары жылдамдықтағы интернет желісімен қамтамасыз ету жөнінен лидер саналады. Ал біздегі жасалған Электронды үкімет әлемдік рейтингте жоғары бағаларға ие болды. Телекоммуникация мен IT технология саласында мықты мамандарға әрқашан сұраныс бар. Олар Қазақстан экономикасының түрлі салаларындағы алдыңғы қатарлы компанияларда жоғары лауазымды қызметтерге қол жеткізуде. Өткен жылы компьютерлік бағдарламалар және басқа да қызмет түрлері бойынша көрсетілген қызмет көлемінің қаржысы 180 млрд теңгеден асқан.

Газ магистральдары –
өсу драйвері

Соңғы жылдары қаржылық жағынан да және өндірістік көрсеткіштері бойынша да қарышты қардам жасаған сала, ол – газ тасымалдау. Биылғы жылдың алғашқы алты айында тасымалданған газ көлемі 13,7 млрд текше метрді құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 1,3 млрд текше метрге немесе 10% артық. Онымен қоса, экспортқа жіберілген газ көлемі 2,9 млрд текше метр болды. Ол отандық газды Қытай Республикасына экспортқа шығару есебінен жүзеге асуда. Орта Азияда біздің ел газ тасымалы

жөнінен ең маңызды және технология жағынан ең мықты газ операторы деген мәртебеге ие болып отыр. Сарапшылар пікірінше, ол нақты қабылданған стратегия арқасында жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, бірыңғай газ тасымалдау жүйесі қалыптастырылып, бұрын өзара жалғаспаған газ құбырлары біріктірілді. Сонымен қатар, жана құбырлар тартылып, ескі магистральды газ құбырлары жаңғыртылды. Сондай-ақ қуаты жоғары технологиялық компрессорлар мен газ айдау станциялары іске қосылып, Қазақстанның газ тасымалдау мүмкіндігін арттырды. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры заманауи газ тасымалдау жүйесінің негізгі элементі болып қалыптасты. Ол оңтүстік өңірлерді еліміздің бағысында өндіріліп жатқан газ есебінен ұдайы қамтамасыз етуді жолға қойды. Осының бәрі газ жіберуге арналған маршруттарды әртараптандыруға, яғни ішкі рынок пен экспортқа газ жіберуге мүмкіндік берді.

Мәліметтерге сәйкес, «ҚазТрансГаз» АҚ жылды табыспен аяқтады. Бұл салада 20 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Пайдалы қазба
игілігі

Тау-кен металлургия – Қазақстан Республикасының өндіріс секторындағы өте динамикалық даму үрдісіндегі сала. Қатты пайдалы қазбаларды өндіру бойынша әлемдегі тау-кен өндірісімен айналысатын 70 мемлекеттің арасында 13-орынды алады. Статистика комитетінің мәліметіне қарағанда өткен жыл қорытындысымен металлургия өндірісіне қарасты компаниялар үлесіне бюджетке төленетін міндетті төлемдердің 7,6% тиеді екен. Сондай-ақ Қазақстанға келіп жатқан инвестицияның үштен бірі осы салаға тиесілі. Бүгінгі таңда елімізде жер қойнауын пайдалану бойынша 900-ге жуық келісім-шарт жасалған.

Көлік және логистика –
экономика қантаныры

Еліміздің көлік саласы оң динамикалық өсу барысын көрсетуде. Бұл сала тауарды өндірістік тізбекке сәйкес шикізат пен қорытынды түрінен бастап соңғы сатып алушыға дейін жеткізіп беруді қамтамасыз етіп келеді. Қазақстандағы жүк тасымалы жыл сайын өсе түсуде. 2021 жыл қорытындысымен көліктің барлық түрімен (құбыр арқылы тасымалды қоспағанда) тасымалданған жүк көлемі 4,2 млрд тоннаға құрады. Өткен жылы барлық транспорт түрімен тасымалдау нәтижесінде түскен табыс көлемі 1,4 трлн теңге болды, оның 1,1 трлн теңгесі (78%) жүк тасымалы

үлесіне тиеді. Тасымалданған жолаушы саны бір жылда 2,5% өсіп, 11,1 млрд адамды құрады. Қазақ-Қытай шекарасында кедендік бекеттер инфрақұрылымын модернизациялау бойынша мемлекеттік-жекеменшік серіктестік құру да өзін ақтады. Кейінгі он жылда инфрақұрылымға, көлік-логистика активтеріне салынған инвестиция көлемі шамамен 30 млрд долларды құрады. Ал инфрақұрылым желілері құрылысын белсенді жүргізген Қазақстанның халықаралық рейтингтегі көрсеткіштері өсті.

Құрылыста
қарқын жоғары

Құрылыс секторы ел экономикасында, әсіресе дағдарыс кезінде маңызды рөл атқарды. Пандемия кезінде Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 2,5% төмендесе, құрылыс секторы бірден 11,6% өскені есе сала кетелік. Бұл ел экономикасының барлық секторлары арасында рекордтық көрсеткіш. Жалпы құрылыс Қазақстан экономикасының өсу драйверлерінің бірі деп сеніммен айтуға болады. Биыл сала өсімі бойынша да қоймалар қатарында тұр. Мәселен, елдегі ішкі жалпы өнім алты айдың қорытындысы бойынша бір жылда 3,6% өссе, құрылыста өсім 9,2%-ға жетті.

Бүгінде құрылыс «таза» күйінде елдің жалпы ішкі өнімінің 5%-ын құрайды. Бұл ретте сектор экономикаға мультипликативті әсер етеді. Өзімен байланысты салаларды – өндіріс секторын, атап айтқанда машина жасау және құрылыс материалдарын өндіру, сауда, көлік-логистика және тағы басқа салаларды ынталандырады. Сонымен қатар, құрылыс еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосуда. Секторда 637,5 мың адам жұмыс істейді. Құрылыста жұмыспен қамтылғандар саны республикадағы барлық жұмыспен қамтылғандардың 7,2%-ын және нақты секторда жұмыс істейтіндердің 17,4%-ын құрайды.

Өткен 2021 жыл еліміздің экономикасы үшін COVID-19-ға байланысты пандемиядан кейінгі еңсерініс тіктеген кезең болды. Батыс Қазақстан және Маңғыстау облысынан басқа 15 өңірдің көрсеткіштері 2020 жыл көрсеткіштерімен салыстырғанда өскені байқалды. Ұлттық Статистика бюросы мәліметінше өндірістің өсуі 3,8% құрады.

Қазақстан экономикасы Орта Азия аймағындағы ЖІӨ-нің 60%-ын өндіреді. Еліміз өткен жылы әлемдік ЖІӨ номиналында 54-орынға орналасты. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы үшінші мың жылдықтың басында динамикалық даму көрсеткіштері жоғары деп танылған 25 мемлекеттің ішінде тұрақты түрде үшінші орынды ұстап келеді.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ,
«Сыр бойы»

Мұстафа Шоқайдың екінші отанына сапар

Қос арыс осы қаланың Суар де лафонтен (1933-1941) көшесінде сегіз жыл тұрған екен. Мұстафа Шоқайдың өмірінің аса күрделі кезеңі осы қысқа ғана көшемен, осындағы 7 үймен тікелей байланысты болған. Мұнда үйлер біздегідей жеке-жеке бөлек тұрған жоқ, бір-бірімен жалғастыра орналасқан. Тек үйге кірер есіктердің маңдайшаларында нөмірлері болады екен. Барлығы он бестей үй жайғасқан көшенің басында, өте бір қолайлы жерге биіктігі бір метрдей төрт қырлы мрамор тастың бетіне орналастырылған темірден жасалған ескерткіш тақтада французша «Мұстафа Шоқай 1890-1941. Қазақтың белгілі саясаткері, көптеген ғылыми және саяси кітаптардың авторы, Орта Азияның бостандығы үшін күрескен, нацистердің қолынан қаза тапқан» деген сөздер жазылыпты. Бұл тас белгіні 2001 жылы 18 қазан күні сол кездегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов, Қазақстанның Франциядағы төтенше және өкілетті елшісі Ақмарал Арыстанбекова және Ножан әкімі Жак Мартен қойыпты.

Бұл игі тірлік кейін заңды жалғасын табады. Мұстафа Шоқайдың 120 жылдық мерейтойына орай 2010 жылы облыс әкімдігінің тікелей бастамасымен ҚР Мәдениет және Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен Франциядағы елшілік пен Марнадағы Ножан қаласының мэрі (әкімі) араларындағы дипломатиялық келіссөздердің нәтижесінде осы жерде қолдан құйыл сомдалған ескерткіш бюст қойылған. Онда французша «Мұстафа Шоқай: 1890-1941. Тәуелсіздік күрескері» деп жазылған. Мүсіннің төменірек жағында француз тілінде «Қазақ халқы тарапынан 28/10/2010» деген жазу бар.

Бұл шара кезінде қала мэрінің ескерткіштеріңіз біздегі Де Гольдің ескерткішінен биік болып кетпесін деп әзілдегенін естігендер осы кезге дейін айтып жүрген көрінеді. Ескерткішті қою жарамсызды істермен көмкерілген екен. Кейін осы бір қолайлы кишігірім алаң ресми түрде картаға «Шоқай атындағы саябақ» деп тіркелінді. Бізге осыған кіретін аласа жасалған темір шарбаққа орнатылған есіктің құлпын өзіндегі кілтпен ашып берген Яшар Дініш бауырымыздың қызметі ерекше әсер етті. Мұны біз осында тұратын ағайындардың тұтас құрметінің бір көрінісі деп түсіндік.

Осы күні Шель қаласындағы Мария Шоқай жерленген қорымға барып, бейітіне гүл қойдық. 1918 жылдың 18 сәуірінде Мұстафа атамның талап етуімен Ташкент мешітінде екі өзбектік куәлігімен мұсылманша некелері қиылғанын, жарының өзіне Шоқай атамның атын қосып алғанын ескеріп, қуран да оқыдық. Мұны біз жайдан-жай айтып отырған жоқпыз. Әлеуметтік желілерде бұл шарамызға өзіндік пікірлер білдіргендер жоқ емес.

Бейіт басында біраз нәрсе еске түсті. Мария Яковлевнаның 23 жылдан астам жақ жерде Мұстафа Шоқаймен бірге болғаны, оның қуанышын да, қиыншылығын да бөліскені, күн көріп отырған пианиносын сатып, жарының бейітін ескерткіш-бюст орнатқаны, «Менің Мұстафам» атты тамаша естелік кітабымен мұстафатуға ғылымның негізін қалағаны, оның асыл мұраларын 1953 жылы сол кездегі «Жана Сорбонна – Париж III» университетінің Тілдер мен өркениеттер институтының университеттік кітапханасына тапсырғаны, жинақтай айтқанда, бұл дүниеден аттанғанша «менің Мұстафам» деп кеткені біздерді еріксіз толғандырып, тамаша тірліктерін еске алдық.

Сапар барысында өз жоспарымыз бойынша атамның мәңгілік мекен еткен Берлиндегі мұсылмандар қорымына бардық. Бұл жерді кезінде Германия басшысы Осман пашасына тарту еткен екен. Мұстафа Шоқай 1941 жылғы 27 желтоқсанда қайтыс болғаннан соң келер жылдың 2-қаңтарында, жұма күні осында жерленген еді. Бірден көзіміз туған және қайтқан жылдарына, одан төменірек жазылған «кабірін жасатқан сүйікті жары Мария Шоқай» деген жазулар-

ға түсті. Шағын ғана қорым, бірақ барынша таза ұсталып, көкке оралған. Бейіт басында, зәулім салынған мешітте дұға жасадық.

Еуропаның ортасында тұрып бүкіл әлемнің азаттығы үшін күрескен, осы үшін бар ақыл-парасатын жұмсаған Мұстафа Шоқайдың өмір жолдары еске түсіп, қиялымыз сан шаққа шабуылдады...

Мұстафа Шоқайдың алдағы

өркениеттер университетінің кітапханасындағы Мұстафа Шоқай мұраларымен жұмыс істеу болатын. Оған кіріспес бұрын осы архив деректері негіз болған тамаша тарихшы Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтің алғысөзі және түсіндірмелерімен шыққан Мұстафа Шоқай шығармаларының он екі томдық толық жинағын және былтыр ғана жарық көрген «В эмиграции: эпистолярное



бар жоспарын да, мұратын да Германияның Совет еліне соғысу ашуы тас-талқан еткен еді. Өзінің жаулығы аз болғандықтан, енді тұтқындардан легиондар құруды ойлаған Германия басшылығы түркістандық тұтқындар алдына сөз сөйлеу ұсынғанда Мұстафа Шоқай мұндай қадамға бара алмағандығының себептерін түсіндіреді. Жырақта жүргендіктен, елдегі жағдайдан бейхабарлығын, бұрынғы көрнекті интеллигентция өкілдерінен құтылғаннан кейін, большевиктердің кеңес өкіметі кезінде дүниеге келген жастардың өзінше «тәрбиелеп» шығарғанын, сондықтан олардың кеңестік өзгерістерге қалай қарайтынын білгісі келгендігін айтады. Осындай себеппен алдымен түркістандық тұтқындармен кездесуді ұсынған Мұстафа Шоқай түркітілдес комиссия қызметкерлерінің басышы ретінде 1941 жылғы тамыздың аяғынан қазан айының басына дейін Германиядағы, Шығыс Пруссиядағы, Польша мен Украинада орналасқан Простака, Эбендорд, Наеген, Дембица, Сувалки, Деба, Ярослав, Дебис, Лемберг және тағы басқа лагерлерді аралайды. Тұтқындардың өңгімелері мен арыз-шағымдарынан елдегі жағдай туралы жан-жақты хабар алады. Сонымен қатар лагерлердегі түркістандықтардың ауыр жағдайын көзімен көріп, қатты күйзеледі. Жарына жазған бір хатында мынадай қорлыққа шыдай алмай өлгісі келетінін де жазырмай жазды. Содан 1941 жылғы қазан айында лагерлерді аралағанда өзіне көмекші болған Уэли Каюмба аса құпия түрде «Аса сеніммен» деген ескертумен жазған «Мен бұл жолдарды сіз үшін ғана жазып отырмын және мұны аса құпия ұстауыңызды сұраймын» деп басталатын неміс лагерлеріндегі көрген билгендерін баяндаған хатты қалайша ол өзі ғана оқып, өзі қызмет еткен неміс өкімшілігін таныстырмауы мүмкін бе? Болмаса неміс армиясының группенфюрері С.С.Иоахимге: «Гете, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауэр сияқты ұлыларды тәрбиелеген ұлттың тұтқындарға жасап отырған зұлымдығын көре отырып, мен Түркістан легионын басқару туралы ұсыныстан және сіздермен әрі қарай жұмыс істеуден бас тартамын» деген мазмұндағы Мұстафа Шоқайдың хатын оқып отырып, неміс басшылығы хат иесінің көзін жоюдан басқа не ойлар еді?

Осылай өзінің саяси күресі үшін тиімді органы тек Франциядан ғана таба алған, осында 20 жылдай өмір сүріп, өзінің публицистикалық еңбектері мен саяси күресі арқылы әлемді мойындатқан, кешегі соғыспен байланысты қиын-қыстау күндерінде Францияны тастап кете алмаған Мұстафа Шоқай Берлинді мәңгілік мекен етті. Тағдырға дауа жоқ. Францияға келгендегі негізгі міндетіміз қазіргі Тілдер мен

наследие Мұстафы Шоқай 1919-1941» атты кітаптан екі данасын тиісті хаттармен кітапхана қорына тапсырдық. Осы және басқа да Мұстафа Шоқайға қатысты бірнеше кітаптардың электрондық нұсқаларын да бердік.

Архивтегі материалдардың негізінен бізде барлығын ескере отырып, біздер түрік және орыс тіліндегі материалдарды, сарғайған кітап, мақалалар жазылған қағаз беттерін көріп, олардың көшірмелерін суретке түсіріп алдық. «Яш Түркістан» журналында бөлек бөлек тігінділерін көріп, қолмен ұстап Мұстафа атамның рухын сезінуге тырыстық. Архив қызметкерлерінің сақталған материалдарға деген ерекше ыждағаттылығы, оларға айрықша күтімнен қарауы біздерді таңғалдырды. Арада жетпіс жылдай уақыт өтсе де, әлемі сақталған мұраға қарап қызметкерлерге ризашылығымызды қайта қайта білдіруге мәжбүр болдық.

Бос уақытымызды тиімді пайдалануға тырысып, 23 қазан күнге Париждегі «Түркия қазақтарының Франциядағы қауымдастығы» атты ұйым мүшелері қазақ ағайындармен өздері дәстүрлі жиналысы сәйкес келіп, сонда кездестік. Бұл ұйым 1984 жылы құрылған екен. Парижде 260-тан астам қазақ тұратын көрінеді. Олар – негізінен үш мәдениеттің тізгінін ұстағандар. Ата-бабалары Қазақстаннан болса, өздері кеше Түркиядан келсе, бүгін париждік болып отыр. Ұлттық дәстүрді сақтауға ұмтылып отырған жандар. Келіндер араланып таққан. Қыз ұзату, үйлену тойлары болып тұрады екен. Ораза, Құрбан айт аталып, жазапазан айтылады. Қоштасарда ағайындар елімізге ыстық сәлемдерін жолдап жатыр. Ондағы соңғы күні, яғни 24 қазанда кешкілік «Республика күні» мерекесімен тұтас болды да, елшілік өткізген үлкен іс-шараға қатыстық. Абай мүсіні орнатылған ақындар саябағында болдық. Парижде орталығында, Сенаның оң жағалауында орналасқан әлемдегі ең үлкен және ең танымал Лувр өнер музейінде болып, көркем және тарихи жәдігерлерімен бай Греция және Италия залдарын тамашаладық.

Осылай әділеттілік пен заңдылықты қатаң сақтаған, адамзат баласының мүддесін мұрат тұтқан Францияның 20 жылдан астам мекен етіп, өзінің сан салалы саяси қызметімен, он шақты тілде жазылған мол шығармашылық мұрасымен әлемге танылған Мұстафа Шоқайдың эмиграциялық өмір жолын тағы да еске алып, оқығандарымызды қозбен көріп, жадымызда тиянақтай түстік.

Әбдіжәлел БӘКІР,
Сағат ТАЙМАНОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
Мұстафа Шоқай
ҒО қызметкерлері.



Сығанақ қышында не құпия бар?

Сығанақ қалашығынан жергілікті археологтар мен өлкетанушылар талай құнды мәліметті анықтады. Осы орайда тарихшы-өлкетанушы Әлімжан Ержановпен Сығанақ шаһары жайында ой бөліскен едік.

– Сыр өңірінде көне қалалар баршылық. Тарихшы-өлкетанушы ретінде сол құндылықтарды елге танытуға күш салып жүрсіз. Сол тарихи шаһарлардың біршамасы Жаңақорған топырағында жатыр. Қазірге дейін Сығанақтың құрылысына байланысты қандай мәліметтер анықталды?

– Біздің өңірде орта ғасырларда тұрғызылған ғимараттар аз емес. Арқук, Аққорған, Өзгент, Сығанақ қалаларында уақытысында көптеген медресе, мешіт, мавзолей, түрлі сарай, мұнара бой көтергені білеміз. Өкініштісі, олардың көбісі бүгінде үйіндіге айналған. Қарасыз қалғаннан тозып кетті. Қайсыбір жылдары көне шаһарлар құлап жатса да, ешкім назар аударма қойған жоқ. Енді бірі қолдан бузылды.

Ортағасырлық кезең ғимараттары қалдықтарын көне Сығанақ қаласының орнынан көруге болады. Қала орнында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде бірнеше мавзолейдің орны ашылды. Өткен ғасырдың 30-жылдарында Шиелі ауданына жер аударылып келгендер баспана тұрғызу үшін көне ғимараттарды бұзып алып кетті. Қыштардан пайдаланды. Соның салдарынан Сығанақ шаһарындағы ескерткіштер толығымен бузылып кетті.

– Сығанақта табылған қыштан қандай деректер мен мәліметтерді байқауға болады?

– Қала орнында сол қыштар үйінді болып шашылып жатыр. Кейбір ғимараттардың қышынан шаһардың соңғы тұрғындары да XVIII-XIX ғасырларда шағын үйлер тұрғызып, сонда өмір сүргенін аңғару қиын емес.

Негізінде қыш жасау технологиясы көп жұмыс қолы мен уақытты қажет еткен. Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінің қышы мен керамикасына зерттеу жүргізілген ғалым Софья Тәкібаева «Көгілдір күмбездің құпиясы» атты еңбегінде оның технологиясына байланысты көптеген мәліметтер келтірді. «Ахмет Ясауи мавзолейі кірпіштің жасалуы қарапайым көрінеді. Бірақ, технологиялық дайындауда әр операцияның өзіне тән қыр-сыры болған. Кірпіш дайындаудың бірінші сатысында тандалған жерді тазалауда бірде-бір тамыр, өсімдік сабағын қалдырмау керек. Осындай тазаланған алаңнан шұңқыр қазылады, топырақты әбден майдалап су құйып тастайды да, кетпенмен араластырып аяқпен егілейді. Лай бетіндегі суды тері каппен құйып алып қайтадан таза су құяды. Бұл не үшін керек? Бұл кірпішті күйдіргенде оны бұз-бас үшін топырақ құрамындағы тұзды ерітіп жуу үшін қажет. Лай дайындаудың соңғы сатысында құрамына шөп, аттың қылын, жүн майдалап, ұсақтап құяды» деп жазды.

Қысқа қарай дайындалған лайды кетпенмен бір жерге тө-

бе қылып үйіп, көктемге дейін қалдырады. Ұзақ уақыт жинап қойғасын лай тығыздалады. Көктем шыға кесек дайындау басталады. Алаң қызу жұмысқа толатын. Шеберлер кесек күйеу технологиясын үнемі бақылауда ұстаған. Көмекшілері мен жұмысшылар өз біліктілігіне қарай жұмыс істеген. Біреулер ағаш қалыптарды лаймен толтырып бетін тегістеп отырса, екіншілері сол қалыптарды тегістеп дайындалған алаңға қатарлап аударып отырған. Кетпіру уақыты ауаның температурасы мен ылғалдығына байланысты.

Кірпіштер қажеттілігіне қарай әртүрлі формада және көлемде әзірленді. Көпшілігі қалыңдығы 50-60 мм, көлемі 240 мм-ден 460 мм-ге жететін, салмағы жеті килограмм кірпіш болды. Бір қызығы, кірпіштерде алақан мен саусақ ізі кездеседі. Адамның саусақ іздерінің анықтығы сондай содан бері ғасырлар емес, бірнеше күн ғана өткендей сезіледі.

Бала күнімізде бәріміз де лайдан неше түрлі мүсіндер жасадық. Алайда, күнге кеттірілгеннен кейін бұл мүсіндер жарылып кететін. Ал Ахмет Ясауи кесенесіндегі кесектерде жарылған із жоқ. Бұл кірпіш лайының асаыждағаттылықпен дайындалғандығын көрсетеді. Лай құрамына қосылған шөп-шөк, жылқы қылы, жүн арматураның жұмысын аткарып, кесектің жарылуына жол бермеді.

Кетпірілген кірпіштер арнайы қолдан жасалған ошақтарда күйдірілді. Сыртқы кейпі үстінде тесігі бар аударылған қазан формасында болды.

– Қышты күйдіруге қандай технологияны пайдаланған?

– Жаңа атап өткен ошақтарда Орта Азияда әлі күнге дейін нан, самса пісіріледі. Ошаққа бізге беймәлім арнайы отын пайдаланған. Аңызға сүйенсек, кейбір деректерде 1000-1100 градуска дейін күйдіретін тамырлы шөп туралы айтылады. Ол шөп Түркістан маңында сол кезде өскен деген болжам бар. Керекті жоғары температураға жеткізу үшін жел үрлеп отыратын арнайы жасалған ошақтар болған. Ауызша жеткен мәліметтерге сүйенсек, үлкен кірпіштерді ойпаттау жерге жинап, үстіне отын үйіп бірнеше күн жағып күйдірген.

– Кірпіштің мықты болуы үшін не қосылған?

– Оларды күйдіргенде қосылған шөп-шөк, жылқы қылы, жүн, отқа күйіп, кірпіш ішінде қуыстар пайда болады. Бұл қуыстар кірпіш салмағын жеңілдетіп төзімділігін арттыра түседі.

Ғалым Софья Тәкібаеваның еңбегінде кірпіш күйдіруге қандай ағаш пайдаланғанын анықтап көрсеткен. Менің ойымша, бұл кесекке үлкен шөп-шөк секілді. Себебі, кесекке жоғарыда айтылғандай, 1000-1100 градуска дейінгі температураға жетеді. Кесекке үлкен көмір дайындап,

темір ұсталары күні кешегіге дейін темір қыздырып соққан. Ал темірді қыздыру үшін 800-1100 градус аралығында температура қажет. Сондықтан қыш күйдіретін пештерде арнайы жел үрлеу арқылы, осы кесекке үлкен пайдаланып, керекті температураға жеткізіп отырған. Өңірде өсетін шеңгел де және оның тамыры сексеуілден кем емес жоғары қызу береді. Бұл өсімдіктер біздің өңірде көп өседі.

– Ата-бабамыз салған сол құнды дүниелер күні кешегіге дейін жетті. Осының өзі олардың сапалы салынғанын көрсетеді емес пе?


– Уақытысында Сығанақтың айналасында көптеген ғимарат бой көтерген. Солардың бірі – Көккесене. Көккесененің орны бүгінде Жаңақорған ауданындағы Қожаберді ауылының шетіндегі зиратта үйінді болып жатыр. Ғимарат кезінде күйдірілген қыштан тұрғызылған. Кешегі күнге дейін мұнда одан бөлек ғимараттардың орнын байқауға болатын еді. Уақытысында бұлар да кесене ретінде тұрғызылған секілді. Бүгінде айналасына адамдар жерленіп, ғимараттардың орны жоғалып кеткен. Оларды тұрғызу үшін көп қыш кетеді. Ал қыш дайындап күйдіру – көп жұмыс. Ол заманда көлік мәселесі қиын болғанын біреміз білеміз. Сондықтан қышты құрылыстан алыс емес жерде дайындайтын болған. Оған қоса жергілікті жердің топырағы да қыш жасауға жарамды болған секілді. Себебі, кез келген топырақ қыш жасауға жарамды. Оның құрамында біріктіретін заттар болуы керек. Кетпіріп күйдіргенде жарықсыз үшін құрамында тұз болмауы тиіс.

– Енді Сығанақтың төңірегінде ой қозғасқ. Бұл аумақта қыш дайындау қалай жүргізілген?

– Қала маңындағы жердің топырағы қыш жасауға жарамды болған. Қазір Сығанақтың айналасы егістік алқаптарға толып кетті. Қаналдар жүргізіліп, күріш егілді. Түрлі тұяңайқыш, химиялық заттар пайдаланылды. Жерасты суының деңгейі жоғарылады, яғни, жер бетіне жақындала, сор басты. Осының әсерінен қала орнындағы аршылып жатқан көне ғимараттар қабырғасындағы қыштарды тұз жеп, тез бузылуға кетеді. Кейбір ғимараттардың сыртын ою-өрнегі және түрлі-түсті бояуы бар қыш-каптамамен сәндеген. Көбінесе қыштар көгілдір бояумен өрнектелген. Кейбірінде қасқыр, теке және өзге жануарлардың іздері басылған. Бұл іздерге байланысты түрлі пікір бар. Біреулер оны жануарлар қышты кетпіру кезінде байқаусызда басып кеткен дейді. Енді біреуі сол замандағы адамдардың ырымшылдығына, наным-сеніміне байланысты әдейілеп таңба ретінде басылған дейді. Қалай десек те, қыштарда бүгінде есімі белгісіз ұсталар немесе олардың қарапайым көмекшілерінің кол ізі жүздеген жылдар бойы сақталып келеді.

– Өңімізге рақмет.

Әңгімелескен
Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



ЖАҢАШЫЛ ЖАС ПЕДАГОГТАР

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бастамасымен «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалының ұйымдастыруымен «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» атты облыстық форум өтті. Форумға аймақтағы жалпы білім беретін мектептер мен NIS-тің жүзден астам жас мұғалімдері қатысып, инновациялық білім беру бастамаларын табысты жүзеге асыру әрі кәсіби даму бағытында тәжірибе алмасты.

Фазиза ӘБИЛДА,
«Сыр бойы»

Форумның ашылуында сөз алған облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағамбет, «Педагогикалық шеберлік орталығының» облыстағы филиалының директоры София Камалова және Зияткерлік мектеп директоры Жаңбыржан Бекболатов педагогтардың кәсіби қалыптасуы бағытындағы басты талаптарды атап өтіп, маңызды әрі мазмұнды жүзделуге сәттілік тіледі.

Жинды ұйымдастырушылар заманауи мұғалімнің қандай дағдыларға ие болуы қажеттігі жайында көзқарастарын білдіріп, бүгінде мәртебесі заңмен бекітілген педагог мамандардың алдында тұрған жауапкершіліктің салмағы басым екенін атап өтті. Осы тұрғыда форумның мақсаты – кәсіби қуырғандық арттыру. Дәлірек айтқанда, жас мұғалімдер оқушылармен жағымды қарым-қатынас орнатуға жаңа әдістерді пайдалану арқылы білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, қабілеті мен талантын тани білуі тиіс.

Форумның арнайы контактары – журналист, диктор, радио және тележүргізуші, сахна тілі маманы, «Soile» курсының жетекшісі Майра Төлепберген, талантты ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалымұлы және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Бизнес Старт» кәсіпкер-

лік орталығының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев заман талабына сай білім берудің тиімді тәсілдерін қолдана отырып, білім алушының қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру бағытында өз тәжірибелерін бөлісті.

Журналист Майра Төлепберген ұстаздар үшін еңбегін шығармашылықпен ұштастырып, жаңашыл бағытта жұмыс жүргізудің тиімділігі зор екенін айтты. Қазіргі балалар өте зерек, яғни, кішкентай күнінен-ақ смартфонның тетіктерін қозғай алады. Сондықтан оқушымен жұмыс жасауда тынымсыз ізденіс пен жоғары жауапкершілік қана өз нәтижесін беретінін дәлелдермен жеткізді.

– Баламен қарым-қатынаста, жұмыс барысында қаталдықтан гөрі жылы сөз бен жүрек мейірімділігін биік қойсаңыздар, баланың назары да, көңілі де сізге бола мақ, – дейді ол.

Қатысушылар тарапынан «қарапайым мұғалімнің тілші болуы мүмкін бе?» деген сауал қойылды. «Егер тілші болу арманы болса, оған жету аса қиын емес. Себебі, қазір өзін еңбек етіп жүрген журналистиканың әр бағытында филолог мамандар көптеп кездеседі. Олар – оқымай-ақ практика жүзінде жақсы қалыптасып, кәсіби қуырғандықтарын талқан жандар. Ал керісінше, журналистиканы арнайы



оқып, дипломын алғаныммен, бұл мамандықты менгермегендер да аз емес. Сондықтан шынайы құштарлық пен ізденіс болса, оған қоса журналистке керекті қабілеттер бойынан табылса, мұғалім де журналистиканы игере алады, – дейді М.Төлепберген.

Бүгінгі қазақ ақындарының арасында шоқтығы биік, шығармашылығы терең Ұларбек Нұрғалымұлы – прозада, драматургияда қалам тербеп жүрген талант иесі. Ол Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясын «кинодраматургия» мамандығы бойынша бітірген, бүгінде Өнертану магистрі. Ұстаздық пен журналистиканы қатар меңгерген білікті маман.

– Бала күнімде бүкіл адам әдебиетті оқыды деп ойлаушы едім. Есейе келе, олай емес екенін білдім. Алайда осы күні сол ойыма қайта оралдым. Өйткені адам қаржысыз болса, оған қандай да бір қажеттілік қажет. Кейде мұндай, қайғырады, жалғызсырайды, сол сияқты қуанады, күледі. Осылай-

ша түрлі сезімді басынан кешеді. Демек адам рухын тәрбиелеуде әдебиеттің берері ұлан-асыр. Кейінгі уақытта кино сценарийін жазу барысында осыған нақты көз жетті.

«Ахмет – ұлт ұстазы» фильмінің сценарийін жазған кезде басты кейіпкер А.Байтұрсынұлының ұлтқа деген ерекше сүйіспеншілігін, өз идеясы жолындағы жанкештілігін көріп, ұстаз мамандығына деген көзқарасым басқаша болды. Айталық, А.Байтұрсынұлы сол патшалық Ресей тұсындағы орыс-қазақ мектептерінің негізгі миссиясын түсініп, оған жол бермеу үшін қазақ мектептерін ашуға бар күш-жігерін жұмсады. Қазақ әліпбиінің ғылыми негіздемесін жасап, тіл заңдылығын бекітіп берді. Осыған қарап, ұлттық идеяны жүзеге асыруда ұстаздың мойнындағы жауапкершіліктің қаншалықты зор екенін біле тұстым.

Жалпы ұстаз ретіндегі басты ұстанымның бірі, оқушы бол-

сын, студент болсын, оны қателігі үшін ешуақытта жазғымаймын. Өйткені өмірде адам әрбір қателігінен сабақ ала отырып, жығылмауға, жеңілмеуге қалыптасатын. Сондықтан баланың қателігін бірден бетіне басып, қайта сол тығырықтан шығуына қолдау көрсету керек. Өзім қазір студенттерге сабақ беремін. Дәріс кезінде олардың пікірін көбірек тындаймын. Өйткені ақтарылып айтпайынша, жан дүниесін тану қиын. Оларға берілген тапсырмаларды талқылау кезінде кемшілігін айтпаса бұрын артықшылықтарына тоқталып, сөз арасында сыни пікірді байыппен атап өтемін, – дейді ол. Айтпа кетейік, форум аясында Ұларбек Нұрғалымұлымен кездесу барлық мектептерінің қатысушымен тікелей эфирде ұйымдастырылған сұхбат алаңында жалғасты.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Бизнес Старт» кәсіпкерлік орталығының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев-

тың айтуынша, жаңа заман талабы тек ікемді мамандықты таңдау емес, сонымен қатар, жеке дағдылардың дамуын талап етеді. – Кез келген кәсіп пен кызметте цифрлы сауаттылық, стратегиялық ойлау қабілеті, қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік сана секілді дағдылардың болғаны аса маңызды, – деді ол.

Жалпы форум алаңында білім берудің өзекті тақырыптары бойынша оқыту тренингтері ұйымдастырылды. Педагогикалық шеберлік орталығының кызметкерлерімен бірге функционалдық сауаттылықтың алдын алуға талдай келе, үздік сабақтарды құрастырып, insight зертханасында эксперимент жасады.

Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің шеберлік сабақтарында жас педагогтар өз армандарын қылқаламмен бейнелеп, құндылықтар кітабын жинады, көлөнер шеберханасында, би алаңында тәжірибе алмасып, шығармашылық шабыт алды.

МЕМЛЕКЕТ ҚАРАЖАТЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Биыл Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің құрылғанына 30 жыл толды. Қаржылық бақылау жүйесі мемлекет қалыптасуының кез келген кезеңінде жүзеге асырылды, өйткені қаз келген қоғамдық қорлар мемлекеттің тұрақты және қатаң бақылауында болады.

Әр жылдары мекемелердің нысандарында әртүрлі қайта құрулар болды, қосымша функциялар енгізілді. Бірақ негізгі қызметі бюджеттің атқарылуы және мемлекет қаражатының пайдаланылуы туралы есепті бақылау.

2015 жылы бес институционалды реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты кадам – Ұлт жоспарының 93 кадамын іске асыру шеңберінде ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган кіретін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүйесін құруды көздейтін «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң қабылданды. Осыған орай Үкімет қаулысымен Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті сондай-ақ, оның аумақтық бөлімшелерінің атауы өзгертілді.

Аталған заңның негізгі жаңалықтары – бұл қаржылық бақылау бағытын түбегейлі өзгерту. Заң бұзушылық фактілерін анықтаудан арасында құқық бұзушылықтар арасындағы себептік байланысты талдау және болашақта олардың алдын алу шараларына көшуі мүмкіндік берді. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңның негізгі аспектілерін атап айтсақ, бұл бойынша тексеру органдары арасындағы функцияларды бөлу және тәуекелдерді басқару үшін қолдану арқылы қаржылық тексерудің кең таралған қайталануы жойылды, жазалау аудитінен профилактикалық аудитке көшті.

Егер бұрын тексерушілердің мақсаты бұзушылықтарды анықтау, кінәлілерді жазалау, мемлекеттік сатып алулардан кейін немесе мемлекет қаражаты игерілгеннен кейін оларды қайтаруға немесе түзетуге мәжбүрлеу болса, енді ішкі мемлекеттік аудиттің міндеті бөлек.

Электрондық аудит және Бірыңғай деректер базасы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы механизм. Халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген күшті әдістеме объектіге бармай-ақ электронды аудит жүргізуге мүмкіндік берді.

Негізгі мақсаты – байланысты жою жолымен мемлекеттік аудит объектілеріне жүктемені төмендету, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне сәйкес аудит жүргізу мерзімдерін қысқарту, жеке және заңды тұл-

ғалардың өтініштері бойынша жедел шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы қуаландырылған электрондық құжаттарды, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, осы құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін пайдаланған жағдайда ғана жүргізіледі.

Егер бұрын әрбір тексеруші орган тексеру нәтижелері бойынша өз есептерін дербес жасап, көбінесе нәтижелерін бөліспейтін болса, енді барлық тексеру материалдары Бірыңғай деректер базасында жүктеледі. Бұл республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетіне сараптамалық-талдау қызметін күшейтуге мүмкіндік береді және барлық басқа мемлекеттік органдарға тек қана тәуекелі жоғары объектілер бойынша тексерулер белгілеуге немесе жоспарлауға көмектеседі.

Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау комитетінің камералдық бақылауы арқылы жүйелі бұзушылықтардың алдын алады. Мұнда жаңа бағыт – камералдық бақылау. Бұл нысандарға немесе объектілерге бармай-ақ, қазынашылық жүйелерінің, мемлекеттік сатып алу порталының мәліметтерін талдау арқылы бұзушылықтарды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, мемлекеттік сатып алу кезінде бұзушылықтар үлесінің айтарлықтай бөлігін жол беріледі. Бұл – жоспарлауды асыра бағалау, әлеуетті өнім берушілерді заңсыз қабылдау немесе рұқсат беру, конкурстық комиссияның критерийлерді кәте (кейде әдейі) есептеуі және сайып келгенде «дүрыс жеткізуші» таңдауы. Жаңа форматқа сәйкес камералдық бақылау мұндай бұзушылықтарды ерте кезеңде, шарт жасасқанға дейін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай объектілерге бұзушылықтарды өздігінен жою үшін, сонымен қатар қателер дер кезінде түзетілген жағдайда хабарламалар жіберіледі, онымен қоса, лауазым-

ды тұлғалар әкімшілік жауапкершіліктен босатылады.

Құқық қорғау бөлімшесімен өзара іс-қимыл және сапаны бақылауды жүзеге асыру. Бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудиті және корпоративтік сектор аудитінің ауторингі енгізілді. Өздеріңіз білетіндей, 2013 жылдан бастап Халықаралық қаржылық есептілік стандарты талап еткендей барлық мемлекеттік мекемелер бухгалтерлік есепті жүргізудің есептеу әдісіне көшкен. 2018 жылдан бастап бүкіл мемлекеттік бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізілуде.

ХКЕС-ға өтуге ұзақ уақыт өткеніне қарамастан (2010 жылдан бастап) көптеген мемлекеттік органдар бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау ережелерін үнемі бұзады. Айта кететін, мұндай бұзушылықтар үшін есепшілер өз қалтасынан әкімшілік айыппұл төлеуге мәжбүр, ал бұл дегеніміз – айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшері. Бұдан бөлек, есепке алу әдістемесін және еңбекке алу процесін автоматтандыру бойынша қабылданған шараларға қарамастан, бақылау объектілерінің басшыларының бас бухгалтерлермен сөз байлау арқылы жалған жеке тұлғаларға берілген карт-шоттары арқылы ақшаны жымқыру және ұрлау фактілері әлі де бар.

Енді жаңа қабылданған заң бойынша, біз елдегі барлық мемлекеттік мекемелердің жасаған қаржылық есептілігін және оны бөлектегі бағдарламалар әкімшілерімен біріктірілген немесе шоғырландырылған есептілігін растау үшін қаржылық есептілігі аудиті жүргізілуі керек. Қаржылық есептілік (шоғырландырылған қаржылық есептілік) аудитінің мақсаты – Ұлттық Банкті қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің анықтығын негізделген растауды алу.

Сертификатталған халықаралық әдістемелері дұрыс қолдану үшін аудиторларды сертифициттау. Жаңа әдістеме болашақ аудиторларды дайындауды талап етеді. Мемлекеттік аудитор біліктілігін кезіндегі үміткер адамдардың нысанға, іскерлік қасиеттері мен ықтимал мүмкіндіктерінің жан-жақты және объективті сипаттамасын алу мақсатында оларды сертифициттау жүргізіледі.

Ол екі кезеңнен тұрады: білімін бекіту немесе растау және әңгімелесу. Мемлекеттік аудитор-

дың біліктілігі деңгейлік жүйе бойынша тағайындалады: үшінші, екінші, бірінші, жоғары санат.

Біліктілік алу үшін үміткерлер алдымен қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес квазимемлекеттік секторда бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау біліктілік емтихандарын тапсыруы тиіс. Жоғарыда аталған емтихандарды сәтті тапсырған үміткер қаржылық есептілік, сәйкестік және тиімділік аудитін жүргізу бойынша емтихандарды тапсыруға рұқсат алады. Осы пәндер тізбесі мемлекеттік аудитор біліктілігін алуға негіз болады.

Емтиханды сәтті тапсырғаннан кейін кандидаттар мүшелері Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігі, Үкіметтің, Есеп комитетінің, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкілдері болып табылатын сертификаттаудан өткізу жөніндегі Ұлттық комиссияға әңгімелесуден өтеді. Кандидаттың білімін растау мен Ұлттық комиссиядан әңгімелесуден табысты өтуінің нәтижелері бойынша Ұлттық комиссияның шешімімен кандидатқа тіпті деңгейдегі мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы сертификат беріледі.

Көріп отырғаныңыздай, мемлекеттік аудитор болу үшін үлкен білім, жоғары біліктілік және тұрақты моральдық ұстанымдар болуы қажет. Мемлекеттік аудиттің мақсаты – бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Қазіргі уақытта мемлекеттік аудит белсенді түрде қолданылып келеді және экономиканы дамытудың негізгі элементі. Өйткені, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қаржылық бақылауды «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңында, өзге де заңдарда, Президент және Үкімет актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету, нұсқамаларды орындау және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырады.

Райгүл ЕСМАХАНОВА,
қаржы саласының үздігі,
еңбек ардагері, қаржыгер

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының әдеп жөніндегі уәкілі 2022 жылдың қараша, желтоқсан айларында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефондары
1	Нұрмағамбетов Марат Жалпақбайұлы	Инспекция басшысы	Жұма сағат 11.00-13.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 60А	23-19-61
2	Абдразахов Исатай Өмірзақұлы	Инспекция басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл	Бейсенбі, сағат 10.00-12.00 Әдеп жөніндегі мәселелер бойынша күндізгі 9.00-17.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 60А	23-19-61

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген ҚР «Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» талаптарының бұзылуына қол бермеу мақсатында «Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-де 23-19-61 Сенім телефоны жұмыс жасайды.

Хабарландыру

“Қазгермұнай” бірлескен кәсіпорны” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2022 жылғы 13 желтоқсанда жобалар бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр: жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖБШН), “Қазгермұнай” БК” ЖШС жол берілетін төгінділер нормативтері (ЖБТН), қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы (КББЖ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚШЖ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы (ӨЭББЖ), ұңғымаларды салу жобалары, құрылыс-монтаждау жұмыстары (ҚМЖ), қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), мекен-жайы бойынша: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі 12А, “Атамекен” ғимараты. Уақыты: 15 сағат 00 мин.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар мынадай сілтеме бойынша онлайн-режимде өткізіледі:

Zoom конференциясына қосылыңыз:
https://us03web.zoom.us/j/86024177678?pwd=OE1zUklZZ3hiWUw5DU4Q1BUU1JlU109

Конференция идентификаторы: 860 2417 7678

Кіру коды: VF8sVm

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: “Қазгермұнай” БК” ЖШС. Қазақстан Республикасы, 120014, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, 100.

Тел.: +7 7017492976. Байланыс тұлғасы: Исабаев Берік Мұхтарұлы, bissabayev@kgm.kz

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын Тапсырыс берушінің интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайы: mtleubayev@kgm.kz

Құжаттаманы әзірлеуші: “ТІТЕСО” ҒЗИ, 010000 ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Сығанақ к-сі, 29. Кеңсе 333. Тел.: 8(7172) 67-72-11, info@titeco.kz. Байланыс тұлғасы: Мұхамеджанова Әлия Жаңабайқызы.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/Edit/8989>

Жобаларға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: bissabayev@kgm.kz, тел.: +7 7017492976.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ “Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ-де, 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: +7(7242)-60-53-62.

Хабарландыру

2022 жылдың 9-қарашасынан бастап «Аралтұз» АҚ-ның қасасынан 2021 жылдың қорытындысымен артықшылықты акцияларға дивидендтер босатылады.

Дивиденд алушы жеке куәлігін көрсетуі қажет. Дивиденд төлеу сұрақтарымен мына мекен-жайға хабарласуға болады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жақсықылыш кенті, тел.: 87055264318.

«Аралтұз» АҚ әкімшілігі

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, облыстық Қоғамдық кеңес, облыстық Ардагерлер кеңесі және облыстық қоғамдық даму басқармасы облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Хожбанов Әріп Битілеуұлына ағасы

Хожбанов Сатыбалды

Битілеуұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына орнақтасып, көңіл айтады.

Жас өрендер сайысқа түсті



Өткен демалыс күндері Қызылорда қаласындағы «Мұз айдыны» спорт кешенінде каратэ-додан жасөспірімдер арасында ел біріншілігі өтті.

Жарыстың ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Спорт жастарды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейді. Кейінгі жылдары облыста каратэ-до спортымен айналысуға

ниет білдірген өрендердің саны артып келеді. Олардың арасында әлемдік және құрлықтық додалар бақ сынап жүрген жастарымыз бар. Қызылордалық Мөлдір Жанбырбай еліміздің атынан Токио олимпиадасында бақ сынады. Үкілі үмітті үздіктер қатары

алдағы уақытта толығырақ деген сенімдемін, – деді ол.

Облыстық каратэ-до федерациясының президенті Қайрат Боранбаев құттықтау сөзінде өңірдегі жетістіктерге қысқаша тоқталды.

– Қызылордадағы жасөспірімдер арасындағы ел біріншілігінде ката және кумитэ бағдарламасынан жүлделер сарапқа салынады. Ел біріншілігіне 10-12 жас аралығындағы өрендер келді. Олардың арасынан болашақта әлемдік сайыстарға қатысуға үміткерлерді іздейміз. Жалпы Әлем және Азия чемпионатына баратын ел құрамасы 14 жас бастап жасақталады, – деді жарыстың бас төрешісі Сансызбай Торғаев.

Айта кетейік, жарысқа еліміздің әр өңірінен 500-ге жуық спортшы 24 салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салды.

«СБ» ақпарат

Айдос Сұлтанғали – жеңімпаз



Әзербайжан астанасы Баку қаласында өткен грек-рим күресінен Әлем кубогында қызылордалық Айдос Сұлтанғали жеңіс тұғырынан көрінді.

Дүбірлі додаға көптеген елден мықты балуандар келді. Олардың қатарында күрес түрлерінен үздіктер саналатын Түркия, Әзербайжан, Иран,

Қырғызстан және Әлем құрамалары бақ сынасты. Айта кететін жайт, Әлем құрамасына дүние жүзінің ең мықты палуандары жиналған. Олардың қатарында 60 келіде қызылордалық Айдос Сұлтанғали сыңға түсті.

Айдос бозкілемде әзербайжандық және түркиялық қарсыластарын қапы қалдырып, жеңіс тұғырына көтерілді.

«СБ» ақпарат



Зәулім ғимарат өртенді

Кеше таңертең Дубайдағы дүние жүзіндегі ең биік ғимарат – Бурдж-Халифа маңындағы 35 қабатты «Emaar» көпқабатты үйі өртенді. АВС арнасының хабарлауына, өрт сөндірілді. Өзірге зардап шеккендердің бар-жоғы туралы нақты ақпарат жоқ.

Ғимарат араб әлеміндегі мемлекет қолдау көрсететін ең ірі құрылыс салушы «Emaar» компаниясының 8 бульвары деп аталатын мұнаралар тобының бөлігі.

Моңғолияда жер сілкіні

Моңғолияның батыс бөлігінде магнитудасы 4,1 балдық жер сілкінісі тіркелді. Сілкініс ошағы Даян-Нур көлінің акваториясында, Қытаймен шекарадан 14 шақырымдай жерде орналасқан.

Жер сілкінісі ошағында МСК-64 шкаласы бойынша 5 балды құрады. Елдің Ресеймен және Қытаймен шектесетін аймақтарында күшті жер сілкінісі мезгіл-мезгіл болып тұрады.

Халқынан кешірім сұрады

Оңтүстік Корея президенті Юн Сук Ёл Сеулдегі Хэллоуин мерекесінде болған оқиғаға байланысты халқынан кешірім сұрап, кінәлі барлық шенеуніктерді жауапқа тартуға уәде берді. Қайғылы оқиғадан 156 адам қаза тауып, осынаша адам зардап шеккен. Президент полиция мен ұлттық қауіпсіздікті басқару жүйесін де реформалайтынын айтты.

Сондай-ақ, Сеул қаласының орталығына мыңдаған корейлер жиналып, қаза тапқандарды еске алды. Одан бұрын елде ұлттық аза тұту күндері өтті.

Үндістанда мектептер жабылды

Үндістан астанасы Нью-Делиде ауаның ластануына байланысты кейбір мектептер жабылып, бастауыш сынып оқушылары үшін сабақ тоқтатылды. Қала билігі қоғамдық келік қозғалысын шектеуді де қарастыруда. Оған себеп – ауа сапасының индексі қауіпті санаттан бірнеше есе өскен.

Айта кетейік, Нью-Дели бірнеше жыл қатарынан әлемдегі ауасы ең лас астана болды. Сондай-ақ, ДДСУ мәліметтері бойынша ауасы ластанған қалалардың жартысынан көбі Үндістанда.

Дайындаған Биболат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

Ойлы орта қалыптастыратын алаң

«Бастау» бизнес орталығында облыс әкімі аппараты ақпараттық технологиялар орталығының ұйымдастыруымен «Pecha Kucha Night Kyzylorda» іс-шарасы өтті. Жиынға облыс әкімі аппараты цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла қатысты.

СБ Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Іс-шараның мақсаты – жастарға технологиялар аясындағы мүмкіндіктерді, IT бағытындағы жаңалықтар мен тың идеяларды таныстыру. Жапондық әдіс бойынша өткен жастардың басқосуында IT саласына қатысты түрлі тақырыптар қамтылды.

– Бүгінгі жаңа форматтағы іс-шара жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін ұйымдастырылып отыр. Жас буын өкілдері уақыттарын көңілді әрі қызықты өткізіп, ыстық кофе, түрлі тәттілерден дәм тата отырып осындай ойлы орта қалыптастырғанын қалаймыз. Егер де осындай басқосудардан нәтиже болса алдағы уақытта мұнан да жоғары деңгейде өткізу

жоспарда бар. Сіздерді де аталған жобаларға атсалысуға шақырамын, – деді ол.

Pecha Kucha сөзі жапон тілінде «бейресми әңгіме», яғни ой бөліп, еркін сырласу деген мағынаны білдіреді. Бұл термин бүгінде жиналыстар мен басқосударды жаңа форматта өткізудің баламасы ретінде қолданысқа енді. Негізін қалаушылар – Астрит Клеин және Марк Дитам. Бастапқыда тек сәулетшілер мен дизайнерлер үшін ойластырылған бір реттік іс-шара уақыт өте келе, бүкіл әлемге танымал болды. Он жылдан бері әлемде кең тараған Pecha Kucha алғаш рет Токиода 2003 жылы ұйымдастырылған. Кейін Сан-

Франциско, Амстердам, Мельбурн, Лондонда жалғасын тапты. Ал елімізде аталған форматтағы басқосу 7 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақытта өзінің белгілі бір аудиториясын қалыптастырып үлгерген жиын Сыр өңірінде үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Басқосуға 180-нен аса тыңдаушы қатысты.

Іс-шара аясында сөз алған спикерлер 20x20 форматы негізінде 7 түрлі тақырыпта сөз сөйлеп, нестерін бөлісті. Жалпы бұл жиынды ұйымдастыруда 20 санының айрықша мәні бар. Жапондар үшін 20 секунд презентацияның әр бетін түсіндіруге небәрі 20 секунд беріледі. Одан кейін келесі бет ашылып кетеді екен. Былайша айтқанда, әр спикерге берілген

уақыт шектеулі болғанымен, баяндамасы біткеннен кейін сұрақтарға жауап беріп, тыңдаушылармен еркін диалогқа түсе алады.

Еркін форматтағы басқосуда Алматы Қуанышбаев «IT мамандарға арналған ТОП дағдылар», Айдос Елшібек «NoCode арқылы миды жаулау», Айбек Оразбахов «Жасанды интеллект: Досың ба, қарсыласың ба?», Жұбатқан Нұрғалиев «Қиялдан –реалға», Индира Ақжігітова «Адам мен робот қарым-қатынасында психология мүмкін бе?», Талғат Меңдібай «IT өмірге саяхат» тақырыбында презентацияларды таныстырды.

Pecha Kucha форматындағы шара алғаш рет 2019 жылы «Жастар жылы» аясында білім, ғылым, кәсіпкерлік, ішкі туризмге қатысты тақырыптар бойынша өтті. Алғашқы жиын барысында спикерлер Нұрлыбек Ахатаев «Химиясыз елестету мүмкін емес 20 сала», Алматы Қуанышбаев «Хакингтің 20 құралы», Ерлан

Мусаев «Қызылордада баруға тұрарлық 20 орын», Сабыржан Кеңшілік «Бақытты болудың 20 қадамы», Ердаулет Есмағамбет «Кітап оқып кету үшін 20 кеңес», Сәуле Қалыбай «Сатылатын контент жазуға 20 кеңес» тақырыптарын қамту арқылы қатысушыларды қызықтыра білді.

Жастардың еркін пікір алмасу аймағына айналған кездесу 2-мәрте былтыр ұйымдастырылды. IT саласының мамандары өз бағыттары бойынша технологияларды қарапайым түрде түсіндіріп, технологиялар аясында дамуға, кәсіп бастауға болатын мүмкіндіктермен бөлісті. Биылғы ауқымды форматта өткен жиын 250-ден астам жасты қамтыды.

Жиынның бірінші кезеңі оқушылар мен студенттерге арналса, екінші кезеңде қала кәсіпкерлері мен ірі IT компаниялары өз өнімдерін таныстырады. Оған қызығушылық танытқан барша қала тұрғындары қатыса алады.

ӘН ӘЛЕМІ

Парасат биігіндегі үндестік

Бүгінде «жастар жеңіл өуенге әуес, сапасыз ән салтанат құрып тұр» деген секілді сыни пікір жиі айтылып жатады. Өйтсе де талғам таразысында саралап, сапалы дүниелерін халыққа ұсынып жүрген жастар да баршылық. Олар – ақын Елжас Өбділда мен әнші, сазгер Жарасхан Төлебай. Сырдың талантты ұлдары – өнер табыстырған айнымас достар. Олардың рухани үндес әлемінен тамаша туындылар жарыққа шығуда.

СБ Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Өріптесіміз Елжас қолы қалт еткенде мәнді мәтін жазуды әдетке айналдырған. Оның мың айдан да қадірлі Рамазан айының құрметіне жазған «Мейірімді Алла», «Ертен», «Мен – Қазактың ұлымын», «Нағыз Қазак», «Оп-оңай», т.б әндері өз тыңдарманын тапты. Елжас сөзін, әнін Жарасхан жазды. Екі дос шығармашылық жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, бірге толықтырады.

Қарақат Әбділинаның орындауындағы «Алғыс» әні де – Елжас пен Жарасханның жұп-жұмыр, жып-жылы дүниелерінің бірі. Елжастың жазған ойлы өлеңдері бүгінде эстрада әншілерінің қоржынына олажа болып қосылған. Мәселен, Қуандық

Рахым, Сұлтан Жандос, Арман Туашов, Абылай Берденов және «Сейхун» тобы ақынның асқақ шабытынан туған әсерлі өлеңдерімен репертуарын байытуда. Әсіресе, жабырқаған көңілге рух сыйлайтын өлеңдері көпшіліктің көңілі сарайына орнықты.

– Жарасханмен жұмыс істеймін. Ал әншілер өздері ұсынса ғана жазып жүрмін. Олардың көбі – шетелдік аударма өлеңдер. Қазір Шымкент қаласының жас сазгерлерімен шығармашылық байланыс орнатып жатырмын, – дейді Елжас.

Ал Жарасхан Төлебай – сазгерлік сарыны дәстүрлі өнерге қазықталған жігіт. Ол ең әуелі әннің мәтініне мән береді. Бүгінде жас



ақындармен қатар Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев секілді ұлтының ұлағатын ұлықтаған аркалы ақындардың өлеңіне ән құрап жүр. Өрелі өнерпаз ізденістің арқасында аз уақыт ішінде 50-ден астам ойлы дүние жазып шықты. Ол туындылары таспада қалып жатқан жоқ. Қазақ эстрадасында ән шырақ жүрген өнерпаздардың репертуарларына енген бірқатар мазмұнды әндердің авторы.

– Жарасхан шығармашылық шырағын жағып, елге деген ағеден пейілін дарыны-

мен дәлелдеген. Ол қазақы болмыстан сыр шертетін жаңа әндер жазып жүр. Оның өнері дәстүрлі таныммен тамырлас, сол текті тәлім мен кәзіргі заманның талабын ұштастыруымен құнды. Бағыты байыпты жастың өнерін бақылап, баға бере жүріңіз. Бәлкі, болашақ Әмірдің әнін, Шәмінің шығармашылық жолын жалғаушы азаматты көріп отырған боларсыз, – дейді өнердегі досы Елжас.

Міне, жарасым тапқан достар әлемінен тағы бір жаңа ән

тыңдарманға жол тартты:

Жастықта күліп

ән салайық,

Қарттықты бірге

қарсы алайық

Тірліктен кейде

шаршасак та біз

Бір-бірімізден

шаршамайық, –

деп қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Қарақат пен Қыдырәлі жаңа бейнебаянның тұсауын кесті. Жұлдызды жұп «Бақ таптым сені жолықтырып» деп аталатын әнді орындады. Сөзі салмақты, ойы орамды. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сыйластығын, жарасымдылығын жеткізген. «Әнді келіншегіме арнап жаздым» дейді Елжас. Елжас та, Жарасхан да – жас шаңырақ иелері. Содан болар, әні мен сөзі үйлесім тауыпты.

Екеуі – өз туындыларымен оқырман мен тыңдарманын жігерлендіре, тебіренге, толқыта алған дарынды жастар. Шабыттан шығармалар жүректен жүрекке жетіп жатыр. Осылайша Сырдың өнерпаз азаматтары сапалы әннің салтанат құруына атсалысып жүр.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымдар жазетің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.